

Сапа менеджменті жүйесі
С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық
университеті» АҚ профессор-оқытушылар
құрамының бос лауазымдарына конкурстық
орналасу тәртібі туралы ереже



"С.Сейфуллин атындағы қазақ
агротехникалық
университеті" АҚ

ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 1-18 беттен 1-нұсқа

«Бекітілді»

Басқарма төрағасының
23.08.19 ж. 611-Н бұйрығы

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ БОС
ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ»**

**ЕРЕЖЕ
ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026-2019**

Дана _____
Көшірме _____

НҮР-СҰЛТАН, 2019

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 2-18 беттен 1-нұсқа</p>		

АЛҒЫСӨЗ

1 ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН Персоналды басқару және құжат айналымы департаменті мен Сапа қызметі бірлесіп жұмыс тобының атауы

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ

ҚАТУ Басқарма Төрағасының № 611-Н 23.08.19 жылғы бұйрығымен
(құжатты ресми түрде растайтын) (бекітілген ұйымдық әкімшілік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- ПМҚД директоры - Алимжанова Д.Б.
қызметі, аты-жөні
- Сапа қызметінің бастығы – Алдабергенова С.С.
қызметі, аты-жөні
- Сапа қызметінің маманы – Наймантаева А.К.
қызметі, аты-жөні

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРІС ЖИЛІГІ**

**2024ж.
5 жыл**

Осы стандартты С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 3-18 беттен 1-нұсқа</p>		

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Анықтамалар	5
4 Белгілер мен қысқартулар	5
5 Жауапкершілік және өкілеттік	5
6 Общие положения	6
7 Конкурс туралы хабарландыру	6
8 Конкурстық комиссияны құру	6
9 Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау	7
10 Конкурсты өткізу тәртібі	9
11 Шағымдану тәртібі	13
12 Өзгеріс енгізу тәртібі	13
13 Келісу, сақтау және тарату	13
А қосымшасы Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған бюллетеннің үлгісі	14
Б қосымшасы Келісім парағы	15
В қосымшасы Танысу парағы	16
Г қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	17
Д қосымшасы Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы	18

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 4-18 беттен 1-нұсқа</p>		

1 Қолданылу саласы

1.1. Осы "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – ПОҚБЛКОТТЕ) "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ (бұдан әрі – "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ) штат кестесінде көзделген деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің), аға оқытушының, ассистенттің штаттық лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы жоғары оқу орнында конкурстық негізде ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын және "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында еңбек шарты негізінде лауазымдық өкілеттікті (тиісті оқу жүктемесін, ғылыми жұмысты) жүзеге асыратын оқытушы (ғылыми қызметкер) штаттық оқытушы (ғылыми қызметкер) болып табылады.

1.3. Осы ереже "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.4. Осы ереже университеттің барлық қызметкерлерінің өз жұмысына басшылық жасауы үшін міндетті.

1.5. Ереже "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) құжаттама жиынтығына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құқықтық құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы.
ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;

"Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 Бұйрығы.

МС ИСО 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

МС ИСО 9000: 2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

СМЖ 1.1.01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Ұйым стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құруға, ұсынуға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар.

ДП СМЖ 01-2015 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

ДП СМЖ 02-2015 сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Жазбаларды сапа бойынша басқару.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 5-18 беттен 1-нұсқа</p>		

3 Анықтамалар

Осы Ережеде МС ИСО 9000:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

- "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ – "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ;
- ПОҚБЛКОТТЕ – "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже;
- СБӨ – Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;
- ПБЖҚАД – Персоналды басқару және құжат айналымы департаменті;
- АМД – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- СҚ – Сапа қызметі.

5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1. Ережені әзірлеу үшін, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы үшін персоналды басқару және құжат айналымы департаментінің (бұдан әрі – ПБЖҚАД) директоры, ресімдеу, бекіту және енгізу үшін сапа қызметі (бұдан әрі – СҚ) жауапты болады.

5.2. СҚ осы Ережені қолданысқа енгізу туралы бұйрық дайындайды, оны Басқарма төрағасы бекітеді

5.3. Ережені тиісті бөлімшелер қызметкерлерінің назарына жеткізгені үшін бөлімше басшысы жауапты болады. Танысу туралы жазба "Танысу парағында" ресімделуі тиіс.

6 Жалпы ережелер

6.1 Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасуға конкурс бос тұрған лауазымдарға жарияланады.

6.2 Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасу конкурсына "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ лауазымдық нұсқаулықтарына жауап беретін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар жіберіледі.

Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ
ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 6-18 беттен 1-нұсқа		

6.3 Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ практикалық жұмыс тәжірибесі бар және осы мамандық бойынша танылған жетістіктері бар мамандар жіберіледі.

7 Конкурс туралы хабарландыру

7.1 "С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ кадрларға қажеттілікке байланысты университет сайтында, басқа интернет-ресурстарда немесе Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды.

7.2 конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) бос лауазымның атауы;
- 2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны көрсетілген жоғары оқу орнының атауы;
- 3) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;
- 4) конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар.

8 Конкурстық комиссияны құру

8.1 Профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына үміткерлерді іріктеу үшін екі конкурстық комиссия құрылады:

1) биология ғылымдары, дене тәрбиесі және шет тілдері кафедраларының профессорлары мен ПОҚ лауазымдары, кафедра меңгерушісі, декан лауазымдарына үміткерлерді қарастыратын университеттің конкурстық комиссиясы;

2) деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің), аға оқытушының, ассистенттің бос лауазымдарына үміткерлерді алдын ала қарайтын факультеттің конкурстық комиссиясы.

8.2 Конкурстық комиссиялардың саны мен дербес құрамын және олардың өкілеттік мерзімдерін "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ бірінші басшысы айқындайды.

8.2.1. Университеттің конкурстық комиссиясы келесі құрамда құрылады:

- конкурстық комиссияның төрағасы – "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары»;

- Конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары»;

- конкурстық комиссияның хатшысы - "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ штаттық қызметкері (дауыс беру құқығынсыз);

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 7-18 беттен 1-нұсқа</p>		

- құрамы үш адамнан кем болмайтын Конкурстық комиссия мүшелері ("С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасының орынбасарлары, департамент директорлары, заңгерлердің ішінен).

8.2.2 Факультеттің конкурстық комиссиясы келесі құрамда құрылады:

- конкурстық комиссияның төрағасы – факультет деканы, ол қайта сайланған жағдайда, комиссия төрағасы болып Басқарма Төрағасы орынбасарларының бірі, проректор немесе академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры тағайындалады;

- құрамы бес адамнан кем болмайтын Конкурстық комиссия мүшелері (тиісті бағыт бойынша 60% "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ штаттық оқытушыларының және - 40% серіктес ЖОО-ның жетекші оқытушылары, жұмыс берушілер, Қамқоршылық кеңес мүшелері, басқа ұйымдардың өкілдері және т.б.).

- конкурстық комиссияның хатшысы - "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ штаттық қызметкері. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

8.3 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;
- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- байқау өткізудің әділдігі мен жариялылығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- конкурстық комиссия отырыстарының кестесін айқындау;
- конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;
- конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

9 Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау

9.1 профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысатын үміткерлер "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасының атына өтініш (еркін нысанда) береді.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- кадрларды есепке алу туралы жеке парақ;
- өмірбаян;
- жоғары білім, академиялық және ғылыми дәреже туралы дипломдардың нотариалды куәландырылған көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат;
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болса) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар тізімі (бар болса);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) № 086 нысан бойынша Медициналық анықтама);

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 8-18 беттен 1-нұсқа</p>		

- тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті беретін есептер бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

- профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаны немесе ғылыми-зерттеу жұмысының жобасын немесе осы мамандық бойынша ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін жетістіктермен танылған практикалық жұмыс тәжірибесін ұсыну (электрондық түрде, көлемі 10 слайдтан аспайды), оның ішінде перспективті жеке даму жоспарының презентациясы (5 слайдқа дейін);

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) "Наркологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы);

- №272 бұйрықпен бекітілген "Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтындығы туралы Психоневрологиялық ұйымнан анықтама.

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбау өтінішті қабылдаудан еркін нысанда бас тарту үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) ұсынуға құқылы.

10 Конкурсты өткізу тәртібі

10.1 "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ»:

- конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- конкурстың өтетін күні мен орнын анықтайды;
- конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүзеге асырады;
- комиссия отырысын ұйымдастырады.

10.2 Байқау келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) кафедраларда профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына үміткерлердің құжаттарын алдын ала қарау;
- 2) факультеттің конкурстық комиссиясында декан, кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, ассистент лауазымдарына орналасуға үміткерлердің құжаттарын қарау, бұл ретте

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 9-18 беттен 1-нұсқа</p>		

факультеттің конкурстық комиссиясы қауымдастырылған профессордың (доценттің), аға оқытушының, ассистенттің бос лауазымдары бойынша түпкілікті шешім қабылдайды, ал деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың бос лауазымдары бойынша шешім ұсынымдық сипатта болады және үміткерлердің құжаттары университеттің конкурстық комиссиясына жіберіледі;

3) университеттің конкурстық комиссиясында биология ғылымдары, дене тәрбиесі және шет тілдері кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының, деканның, кафедра меңгерушісінің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлердің құжаттарын қарау;

4) конкурстың қорытындысын шығару.

10.3 Бос лауазымдарға орналасуға Конкурс үміткерлердің қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау негізінде әңгімелесу, шығармашылық есептер, авторлық әзірлемелерді қорғаудың осы мамандығы бойынша танылған жетістіктермен практикалық жұмыс тәжірибесі, практикалық тапсырмалар нысанында өткізіледі, сонымен қоса кәсібилік деңгейін айқындау үшін білімі тексеріледі.

10.4 Әңгімелесудің мақсаты конкурс жарияланған бос лауазымға нақты ЖОО ерекшеліктерін ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

10.5 Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

10.6 Кафедра меңгерушісінің, профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің), аға оқытушының, ассистенттің бос лауазымдарына орналасуға конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардың құжаттарына Басқарма Төрағасының қолы қойылып, алдын ала қорытынды жасау үшін кафедраға жіберіледі.

10.7 Факультет деканының бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа қатысатын үміткерлердің құжаттарына Басқарма Төрағасының қолы қойылып, алдын ала қарау үшін факультет комиссиясына жіберіледі. Бұл ретте, конкурстық комиссия отырысында отырыс хаттамасына қол қоятын факультет Басқарма Төрағасы орынбасарларының бірі, проректор немесе академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры төрағалық етеді.

10.8 Кафедра меңгерушісінің бос лауазымына кандидатураларды қарау кезінде кафедра отырысын факультет деканы өткізеді.

10.9 Әр кандидат бойынша кафедра қорытындысы ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

10.10 Кафедра қорытындысы, егер оның отырысына кафедраның штаттық оқытушыларының кемінде 2/3-і қатысса, жарамды болып саналады.

10.11 Байқауға қатысушылар кафедра отырысына қатысуға және олар қалауы бойынша оның қорытындысымен танысуға құқылы.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 10-18 беттен 1-нұсқа</p>		

10.12 Әр үміткер бойынша кафедраның алдын ала қорытындысы ұсынымдық сипатта болады және факультеттің конкурстық комиссиясына жіберіледі.

10.13 Факультеттің конкурстық комиссиясы деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың, қауымдастырылған профессордың (доценттің), аға оқытушының, ассистенттің бос лауазымдарына конкурстық іріктеу бойынша кандидатураларды қарайды.

10.14 Факультеттің конкурстық комиссиясы А қосымшасына сәйкес қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, ассистент бос лауазымына конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру бюллетеніне (бұдан әрі-Бюллетень) кандидатураны енгізу туралы шешім қабылдайды. Деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың бос лауазымдарына кандидатуралар бойынша факультет комиссиясының шешімі университеттің конкурстық комиссиясында қарау үшін ұсыныммен ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

10.18. Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздермен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда бірде-бір фамилия сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

10.19 Дауыстарды санау үшін факультеттің конкурстық комиссиясы жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

10.20 Конкурсты өткізу кезінде факультеттің конкурстық комиссиясының шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.

10.15 Кандидат, оған Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10.16 Қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, ассистенттің бос лауазымдары бойынша жасырын дауыс беру арқылы қабылданған факультеттің конкурстық комиссиясының шешімі, осы ережені сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

10.17 Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде факультеттің конкурстық комиссиясының отырысы заңды болып саналады.

Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

10.18 Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша факультеттің конкурстық комиссиясы қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, ассистент бос

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 11-18 беттен 1-нұсқа</p>		

лауазымына әрбір үміткерге "Еңбек шартын жасасу үшін Басқарма Төрағасына ұсынылады" немесе "Еңбек шартын жасасу үшін Басқарма Төрағасына ұсынылмайды" деген тұжырыммен ұсынымдар дайындайды.

10.19 Деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың бос лауазымдарына кандидаттардың құжаттары факультет комиссиясының алдын ала қорытындысынан кейін университеттің конкурстық комиссиясының қарауына беріледі.

10.20 Университеттің конкурстық комиссиясы биология ғылымдары, дене тәрбиесі және шет тілдері кафедраларының профессорларына және ПОҚ лауазымдарына, кафедра меңгерушісінің, деканның бос лауазымдарына, конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

10.21.1 Университеттің конкурстық комиссиясының отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

Талқылау барысы мен университеттің конкурстық комиссиясы қабылдаған шешім конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде рәсімделеді.

10.21.2 Университеттің конкурстық комиссиясы кандидатураны А қосымшасына сәйкес биология ғылымдары, дене тәрбиесі және шет тілдер кафедраларының профессорлары және ПОҚ лауазымдары, кафедра меңгерушісі, декан лауазымдарына конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру бюллетеніне (бұдан әрі – бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

10.21.3 Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегінің тұсына қарсы "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздермен білдіріледі. Конкурстық іріктеуге бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда бірде-бір фамилия сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

10.21.4 Университеттің конкурстық комиссиясы дауыстарды санау үшін жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан құрамында кемінде үш комиссия мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тіркеледі.

10.21.5 Университеттің конкурстық комиссиясының конкурс өткізу кезіндегі шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.

10.21.6 Кандидат, егер оған Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

10.21.7 Университеттің конкурстық комиссиясының жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, осы ережені сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 12-18 беттен 1-нұсқа</p>		

10.21.8 Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша университеттің конкурстық комиссиясы деканның, кафедра меңгерушісінің, профессордың бос лауазымына әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасына ұсынылады" немесе "С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ" АҚ Басқарма төрағасына ұсынылмайды" деген тұжырымдармен ұсынымдар дайындайды.

10.21.9 Басқарма төрағасы конкурстық комиссияның ұсынымдарымен келіспеген жағдайда бос лауазымға еңбек шартын жасасу жөніндегі түпкілікті шешім "С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" КЕАҚ Басқармасының шешімімен қабылданады.

10.22 Конкурстың нәтижелерімен комиссия хатшысы оған қатысқан адамдарды таныстырады.

10.23 Бос лауазымдарға орналасуға конкурс қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

10.24 Өнер және шығармашылық факультетінің деканы Басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалады.

10.25 Декандардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары лауазымға факультет деканының қызметтік жазбасы негізінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен тағайындалады.

10.26 Орналаспаған бос орындар болған жағдайда конкурс қайта жарияланады.

10.27 Оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында Басқарманың шешімі негізінде конкурс бойынша сайланғанға дейін бос лауазымдарының міндеттерін атқаратын оқытушыларды уақытша жұмысқа қабылдауға жол беріледі.

11 Шағымдану тәртібі

11.1 Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурстық құжаттар мен комиссияның шешімдерінің өздеріне қатысты бөлігімен таныса алады.

11.2 Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комиссия шешіміне шағымдануға құқылы.

12 Өзгерістер енгізу тәртібі

12.1 ПОҚБЛКОТТЕ-ге өзгерістер енгізу тек СЖБӨ-нің рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның қолымен құжатпен ресімделеді. Ереженің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

12.2 СК сақтауға тапсырылған ережеге өзгерістер енгізу СМЖ 01 - 2015 ДП талаптарына сәйкес жүргізіледі.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	 <p>SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 13-18 беттен 1-нұсқа</p>		

12.3 Ережеге өзгерістерді "Өзгерістерді тіркеу парағында" (Е қосымшасы) міндетті түрде белгі соғып, Сапа қызметі енгізеді.

13 Келісу, сақтау және тарату

13.1 СҚ-ға бекітілген Ережені (түпнұсқасын) сақтауға беруге ПБЖҚАД жауапты болады.

13.2 ПОҚБЛКОТТЕ-ны келісу СЖБӨ-мен, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорымен, ПБЖҚАД директорымен, заң бөлімінің бастығымен, СҚ бастығымен жүргізіледі.

13.3 Ережелер "ARTA SYNERGY" электрондық құжат айналымы жүйесінде электронды форматта тіркеледі және университеттің барлық бөлімшелеріне жіберіледі.

Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ
ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 14-18 беттен 1-нұсқа		

**А қосымшасы
(міндетті)**

Ф.07.7026-01

Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған
бюллетеннің үлгісі

Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беруге арналған
бюллетень (үлгі)

(ЖОО атауы)

Конкурстық комиссия

(ректордың «__» _____ 20__ жылғы № __ бұйрығымен бекітілген)

«__» _____ 20__ жылғы отырыс. № ____ хаттама

_____ факультетінің

_____ кафедрасының

_____ лауазымына

Жарияланған бірліктер саны _____

№	Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дауыс беру нәтижелері	
1		Келісемін	Келіспеймін
2		Келісемін	Келіспеймін

Ескерту:

1. Тегі әліпбилік тәртіппен енгізіледі.
2. Кандидатура үшін дауыс беру нәтижелері "келіспеймін" деген сөзді сызып тастау арқылы, "қарсы" деген дауыс беру кезінде "келісемін" деген сөзді сызып тастау арқылы көрсетіледі.
3. Комиссия мүшесі "келісемін", "келіспеймін" деген сөздермен дауыс беретін кандидатуралар саны жарияланған бірліктер санынан аспауға тиіс.
4. Көрсетілген қағидалар бұзыла отырып толтырылған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже	 SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY	"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ
ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 17-18 беттен 1-нұсқа		

Г қосымшасы
(міндетті)

Ф.1.01-03

Өзгерістерді тіркеу парағы

Парақ нөмірлері				Өзгеріс енгізуде негізге алынған хабарламаның №	Өзгерістер енгізген тұлғаның аты-жөні	Өзгерісте р енгізген тұлғаның қолы	Өзгеріст ердің енгізілге н күні
өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылғандар				
1	2	3	4	5	6	7	8
12,13	-	-	-	09.09.2020 ж. қызметтік хат	Жағалбаева М.Т.		09.09.20 ж.

<p>Сапа менеджменті жүйесі С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібі туралы ереже</p>	<p> SAKEN SEIFULLIN UNIVERSITY</p>	<p>"С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті" АҚ</p>
<p>ПОҚБЛКОТТЕ СМЖ 07.7026 - 2019 18-18 беттен 1-нұсқа</p>		

Д қосымшасы
(міндетті)

Ф.1.01-04

Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы

Тексеру күні	Тексерісті орындаған тұлғаның аты-жөні	Тексерісті жүргізген адамның қолы	Ескертулерді тұжырымдау
1	2	3	4